

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

## Көркем білім нәтижесі – сапалы еңбек

**Рухани тәуелсіздікке ұмтылмаған ел - тәуелсіз мемлекет ретінде ұзақ өмір сүре алмайды. Ұлттық мәдениеттің тұрлаулылығының, орнықтылығының өзі сонда жатыр. Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, көркемдік танымдымызды, ұлттық мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек. Қазіргі кезеңде болашақ көркем еңбек (бейнелеу өнері) мұғалімдерін дамыта оқыту принципі үлкен проблема. Ал дамыта оқыту ұлттық бейнелеу өнерінде көркем шығармашылықтың тарихи қалыптасуынан білім беру деген сөз.**



**Медеубек ТӘНІРБЕРГЕНОВ,**  
Мәдениет және спорт  
факультетінің деканы,  
п.ғ.д., доцент, Қазақстан ПҒА  
академигі

Олай болса, бейнелеу өнерінде көркем шығармашылықты ғылыми негізде қабылдау, өнер заңдылықтары туралы түсінік-талғаммен дамытуымыз қажет. Шымкент педагогикалық институтында 1969 жылдан бастап жалпы білім беретін орта мектептерге арнап «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімдерін дайындау қолға алынып «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасын аға оқытушы Е.М. Кан басқарды. Алғашқы оқытушылар қатарына Л.П. Павловский, Л.Ф. Жиляковалар тағтылды. Кафедраның қалыптасып

дамуы барысында Одақ, Республика көлеміндегі белгілі көркем-өнер оқу орындарынан білікті мамандар шақырыла бастады. Олардың қатарында Скородин Ю.И., Почукаева З.В., Ломакин Ю.И., Халмуратов Ж.И., Тастемиров Қ.Т., Савостина Л.М тағы да басқа танымал тұлғалар болды. Сонымен қатар кафедраның алғашқы түлектері Ералин Қ.Е., Загоденко Ю.И., Никонов Г.В., сияқты оқытушылар қызметке қалдырылды. Студенттер құрамының артуына байланысты үш кафедрадан тұратын «Көркем, сурет және графика» факультеті болып қайта құрылып факультетті аға оқытушы И.У. Кедеев басқарды.

1995 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты, Өль-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институты, Химик-технологиялық институты, Шымкент дене тәрбиесі институттары біріктіріліп М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып құрылды. 1996 жылы ЖОО-ның құрылымдық өзгерулеріне байланысты М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Жаратылыстану-педагогика факультеті құрамында «Сурет және кескіндеме» кафедрасы болып құрылып, болашақ бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімдерін дайындау жалғасты. Кафедраны алғашқы жылдары п.ғ.д., доцент Павловский А.Л., п.ғ.д., профессор Ералин Қ.Е., п.ғ.д., доцент Бейсенбаев С.Қ., п.ғ.д., до-

цент М.Ж.Тәңірбергенов басқарған. Қазіргі таңда ф.ғ.к., доцент Д.Болысбаев кафедра меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Кафедра жоғары оқу орнының талаптарына сай жақсы жабдықталған оқу дәрісханаларымен, тігін және зергер шеберханалар және заманауи үлгідегі бағдарламалармен жабдықталған компьютерлер қамтамасыз етілген және мол натура қоры бар. Сонымен қатар оқытушылар мен студенттер тұрақты түрде кафедра жанында ашылған «Жетіасар» көркемсурет галереясында көрмелерге қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін шыңдап отырады. Қазіргі таңда кафедрада 33 оқытушы құрамы ғылыми-шығармашылық, тәрбие жұмыстарымен айналысады. Олардың ішінде, екеуі педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан ПҒА академигі, 1-профессор, бес педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, 1-ҚР Мәдениет қайраткері, 3-ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, он ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі, 12-магистрі, аға оқытушы қызмет етеді.

Қазақстан бейнелеу өнері шығармалары тарихи, рухани мәдениет, ұлттық дәстүр, өнертану сынды түрлі тақырыптарда орындалған бейнелеу өнері саласы бойынша бітірген түлектерінің қорғалған диссертациялардың тақырыптарын негізінен төмендегідей бағыттарға бөлуге болады. Бірінші бағыт – бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің жеке оқу мәселелері бойынша К.Ералин, І.Сманов, С.Бейсенбаев докторлық диссертациясын, Ж.Бейсенбаев кандидаттық диссертацияларын қорғады. Екінші бағыт – ұлттық сәндік қолданбалы өнерінің білімдік, тәрбиелік мүмкіндігін зерттеу бағыты бойынша Т.Бүркітбаев, Б.Жолдасова, С.Жаңбыршиев, М.Жақипбекова кандидаттық диссертациялар қорғап шықты. Үшінші бағыт – болашақ бейнелеу

өнері мұғалімдерін дайындаудағы оқыту әдістемелерін жетілдіру саласы бойынша М.Тәңірбергенов докторлық диссертациясын, Ж.Көшенов, А.Павловский, С.Матаева кандидаттық диссертацияларын қорғады. Төртінші бағыт – мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерін оқыту мәселелері Ұ.Ибрагимов, Өнертану мәселерін зерттеуде А.Ниязов докторлық диссертациясын, Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша П.Абашева, Д.Болысбаев өнер философиясы ғылыми зерттеулерін жасап кандидаттық диссертациясын қорғаған.

Аталмыш мамандықтың мақтаншы болып жүрген түлектеріне ой жүгіртсек: Бейнелеу өнері және сызу мамандығының ең алғашқы түлектері (1973) Бейнелеу өнерін оқыту саласында көрнекті ғалым, ЖОО-ның үздік оқытушысы п.ғ.д., профессор Қуандық Ералин, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының ректоры қызметін атқарған Ұлықбек Ибрагимов, Қазақстанның, Қырғызстанның мәдениет қайраткері, ҰР Суретшілер одағының мүшесі, Ө.Қастеев атындағы Өнер колледжінің директоры қызметін атқарған Нұрлан Шилибаев, ХХІ ғасыр – ғаламдану заманында жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру мәселелерін зерттеуші елімізге белгілі ғалым педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ілесхан Сманов, қолөнерінің қас шебері Бибажар Симоваларды айтып өтпеске болмайды.

Одан бергі түлектер, факультет деканы болған Өнертану ғылымдарының докторы Айдар Ниязов, Әуезов атындағы ОҚУ, Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры, Қазақстан ПҒА академигі п.ғ.д. Сәдібек Бейсенбаев, Мәдениет және спорт факультетінің деканы, Қазақстан ПҒА академигі, ЖОО-ның үздік оқытушысы мемлекеттік

көшме грант иегері п.ғ.д., профессор Медеубек Тәңірбергенов, Кәсіптік оқыту кафедрасының меңгерушісі, ЖОО-ның үздік оқытушысы п.ғ.д., профессор Сәуле Жолдасбекова, Қазақстан, Өзбекстан Республикасының Мәдениет қайраткері, ҚР Көркем академиясының академигі, Облыстық Дизайнерлер басқармасының бастығы қызметін атқарған Батухан Баймен, Қазақстан, Өзбекстан Республикаларының Мәдениет қайраткері, ҚР Көркем академиясының академигі, Облыстық Бейнелеу өнері музейінің директоры Айнабек Оспанов, ҚР мәдениет қайраткері Серік Жорабеков және басқа да көптеген белгілі азаматтарды мақтанышпен айтуға болады.


Әуезов университетінің бейнелеу өнері және сызу саласы туралы жеке кітаптар, альбомдар, монографиялар шығып, кезеңдік басылымдарда бірнеше жүздеген мақалалар жарияланып келеді. Демек, көркем білім нәтижесі – көркем еңбек арқылы ұлттық мәдени дәстүріміз кеңінен жаңғырытқан ұстаханада, киелі өнер шаңырағында білім алу, өрбір өнер сүйер жас ұрпақтың арманы емес па? Ұлттық бейнелеу өнері бұлағының қайнар көзі ешбір толастаған емес, ата-бабаларымыздың шабытынан, қиялынан, шебер қолынан пайда болған өнер туындылары Отанды сүйеге, жас ұрпақтың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға тәрбиелейді.

Мәңгілік ел болуға, мемлекеттік тілді, халқымыздың тарихы, мәдениетін, өнерін білетін, қазақтың жанын ұға алатын, елінің саясатынан хабардар өз саласының бәсекеге төтеп бере алатын нағыз маманын дайындау қазіргі Елбасымыздың алдымызға қойған басты міндеті. Сондықтан жас ұрпақты көркем өнермен сусындататын көркем білім беру жүйесі өте жоғары деңгейде білім беруі басты шарт.

## БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

## Ауыл еңбеккерін даярламақ

**Қазақстан ірі аграрлық мемлекеттер қатарынан орын алады, сол қатарда Оңтүстік Қазақстан аграрлық бағытта өркендеп мемлекеттік экономиканы дамытуға үлкен мүмкіндігі бар аймақ екендігі ескеріліп, М.Әуезов атындағы ОҚУ базасында «Аграрлық» факультеті ашылған. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында ауылшаруашылығына қатысты кәсіби мамандардың тапшылығын, аграрлық ғылымның өз деңгейінде дамымауын, сондай-ақ еліміз аграрлық нарықтық экономикаға өтуіне байланысты аграрлық жоғары оқу орындары негізінен ауыл экономикасын көтеруге қызмет ететін білікті мамандар дайындау кадрлар қажеттілігін атап өтті.**



**Шамсиддин ЮСУПОВ,**  
«Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының аға оқытушысы, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты

Сол ашылған жылдан бері жоғары буын мамандарын дайындауда жемісті еңбектері

нәтижесінде 2020-2021 оқу жылынан бастап жаңаша уақыт талаптарына сәйкес қосымша 4 білім беру бағдарламалары қосылып факультет бойынша мамандықтар саны 12-ге жетті. Олар: 6B08110-«Агрономия», 6B08120-«Топырақтану және агрохимия», 6B08210-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», 6B08130-«Өсімдік қорғау және карантин», 6B08140-«Жеміс-көкөніс шаруашылығы», 6B08150-«Орман шаруашылығын қорғау және карантин», 6B07350-«Жерге орналастыру», 6B07360-«Кадастр», 6B08510-«Аграрлық техника және технология», 6B08610-«Су ресурстары және суды пайдалану», 6B07330-«Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау», 6B09111-«Ветеринарлық медицина».

Факультетте қазіргі таңда үш ірі кафедра бар, тек күндізгі

бөлімнің өзінде бүгінгі таңдағы білім алушылардың саны 1272, ал қашықтықтан оқитын бөлімде 500-ден астам студенттер бар. Оларға білім беретін - 97 профессор-оқытушылар бар болса, оның 60% ауыл шаруашылығы ғылымдары кандидаты және докторларын құрайды. Біздің мақсатымыз – келешекте ауылшаруашылығы білікті мамандарға сапалы жоғары ауыл шаруашылығы өнімдерін жетістіруде топырақты өңдеу, екіпке дақылдарды күтіп-баптау, өсімдік және жануарларды түрлі зиянкестермен аурулардан сақтау, топырақ өнімділігін дұрыс бағалау, өгіншілікті жерге тиімді орналастыру, су-ресурстарын сақтау заманауи суару әдіс-тәсілдері, ауыл шаруашылық техникаларын сонымен қатар мекемелерін ұйымдастыру басқару туралы білімдерін қалыптастыру. Факультетте болашақ ма-

мамандарға аталған мамандықтар бойынша жетерлі білім беруде. Түркістан облысының алдыңғы қатардағы шаруашылықтарда тәжірибелік білімдерін арттыруда. Факультетке қарасты жаңа оқу өндірістік базалары құрылып «Қайнарбулақ» және «Жас кешу», оқу-ғылыми өндірістік кешені Түлкібас ауданындағы «Кен-тау» шаруа қожалығы, «Ет өнімдері КЗ» ЖШС, «Қазына-Жер LTD, «Асыл – тұқымды ешкі сүт өнімдері» шаруашылығы, «Хатико», және тағы да басқа мекемелер мен шаруа қожалықтарында іс-тәжірибеден өтеді. Кафедрада үш жүзге жуық болашақ жас мамандар білім алуда, олар өз кезегінде 40-тан астам іс – тәжірибе ететін өндірістік мекемелермен келісім-шартқа тұрған. Кафедра түлектері «Нұрай-5» ЖШС-на қарасты ветеринарлық санитарлық сараптау зертханасы, ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті «РВЗ» Республикалық мемлекеттік ЖШС ҚР экология, геология және табиғат ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық, мемлекеттік

кәсіпорының «Оңтүстік ауыз су филиалы»; ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті «Қазсушар» ОҚ филиалы; «Су метрология» филиалы, Шымкент қаласы; Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы; ОҚ гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы; ЖШС «Су ресурстары және маркетинг» мекемелерінде тәжірибелік білімін арттырады.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы мамандықтары маңызды. Ежелгі уақытта қарапайым өгіншілік жүйесі дамымаған уақытпен салыстырғанда өгін саласы дамып жетіліп келе жатыр. Заман талабына сай интенсивті өгін шаруашылығының дамуы үшін білікті жоғары білімді ауыл шаруашылығы мамандары керек. Бүгінгі таңда қоғам үшін агрономия мамандығы маңызды. Мамандық таңдау – адам өмірінің маңызды бөлшегі. Өсіресе, мектеп, лицей түлектерінің алдындағы ең күрделі де жауапты қадамдарының бірі болып табылады. Елімізде жүріп жатқан терең экономикалық дамудың негізі аграрлық бағыт екенін еске ала отырып, дұрыс мамандық таңдауда барлық мектеп бітіруші, талапкерлерге сәттілік тілейміз!